

В ПЕРИОД ГЛОБАЛЬНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ В СФЕРЕ ТРАНСПОРТА КАЗАХСТАН ПРИЛАГАЕТ ОГРОМНЫЕ УСИЛИЯ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ТРАНЗИТНОГО ПОТЕНЦИАЛА ТРАНСПОРТНЫХ КОРИДОРОВ И СОЗДАНИЯ ИНФРАСТРУКТУРЫ, КОТОРАЯ ПОЗВОЛИТ ПОВЫСИТЬ СКОРОСТЬ И КАЧЕСТВО ТРАНЗИТНЫХ ПЕРЕВОЗОК. ЗА ПОСЛЕДНИЕ 15 ЛЕТ В ТРАНСПОРТНУЮ ОТРАСЛЬ В КАЗАХСТАНЕ ВЛОЖЕНО ПОРЯДКА 35 МИЛЛИАРДОВ ДОЛЛАРОВ, ВВЕДЕНА В ЭКСПЛУАТАЦИЮ 2,5 ТЫСЯЧИ КИЛОМЕТРОВ НОВЫХ ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ, ПОСТРОЕНО И РЕКОНСТРУИРОВАНО БОЛЕЕ 13 ТЫСЯЧ КИЛОМЕТРОВ АВТОДОРОГ.

Каирбек УСКЕНБАЕВ,
министр индустрии и инфраструктурного развития РК



№36 (2751)
17/05/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ДОЛГОЖДАННЫЙ МАРШРУТ

Возобновлено курсирование межгосударственных поездов между Казахстаном и Узбекистаном. Поезд сообщением Алматы – Ташкент отправился в первый рейс после долгого перерыва.

Жаныбек КЕНЕС,
Нур-Султан

Вчера в 18.32 с вокзала Алматы-2 отошел международный пассажирский поезд №1/2 сообщением Алматы – Ташкент. Состав из 24 вагонов будет курсировать три раза в неделю. Стоимость билетов, установленную по межгосударственному тарифу, можно уточнить на сайте www.bilet.railways.kz.

Отмечено, что решение принято Межведомственной комиссией по недопущению возникновения и

распространения коронавирусной инфекции на территории Республики Казахстан. При этом требования, прописанные в постановлении главного государственного санитарного врача Республики Казахстан от 29.04.2022 года №21 «Об ограничительных мероприятиях в пунктах пропуска через государственную границу Республики Казахстан», обязательны к соблюдению.

Важно, что для въезда казахстанцев и иностранных граждан железнодорожным транспортом в страну по-прежнему обязательно нали-

чие справки о прохождении ПЦР-теста на covid-19 с отрицательным результатом. С момента его сдачи должно пройти не более 72 часов. Также можно предоставить паспорт о прохождении полного курса вакцинации или ревакцинации против коронавирусной инфекции (срок не более 6 месяцев после получения последней дозы).

Без справки разрешается въезжать в страну детям в возрасте до 5 лет при ее наличии у сопровождающих их лиц, членам правительственных делегаций РК и локомотивных бригад. А также

лицам, связанным с перевозочной деятельностью на железнодорожном, морском и речном транспорте и получившим ревакцинацию или полный курс вакцинации в РК, если после получения второго компонента прошло не более 6 месяцев на момент пересечения границы РК. Документальное подтверждение обязательно. Это правило распространяется и на лиц, предоставивших паспорт/сертификат/справку о вакцинации, признанные действительными на территории РК согласно постановлению главного государственного санитарного врача.

Справочную информацию о графике движения пассажирских поездов можно получить по номеру 1433 и на сайте Bilet.railways.kz.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ТАМЫЗГА ДЕЙІН ТАСЫП БОЛАДЫ



Көмір тасымалы – елдегі ең маңызды әлеуметтік жүк. Жыл он екі ай күн тәртібінен түспейтін мәселеге байланысты шығыстағы теміржол басшылығы соны шешім қабылдап отыр.

Семей ЖТ бөлімшесінің теміржолшылары биылғы көмір тасымалына ерте кірісіп, жылдағы үрдіске қарағанда анағұрлым қарқын алдырмақ. Сөйтіп, облыстағы барлық әлеуметтік нысандарда 1 тамызға дейін көмірдің жүз пайыздық қоры болуы тиіс. Бұл туралы аймақ басшысы Даниал Ахметов жылыту маусымына дайындық мәселесі бойынша қала және аудан әкімдерімен, басқарма басшыларымен өткізген кеңесте айтты.

Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ «Семей ЖТ бөлімшесі» филиалы басшылығымен бірлесіп пысықталмақ. Яғни, аймақтағы барлық жылу беру ошақтарын, көмір тұйықтарын жылдағыдан әлдеқайда ерте әрі 100 пайыз көлемде көмірмен қамту мақсатында ұлттық тасымалдаушы компанияға ертерек тапсырыс беріліп, жеткізілу, таратылу барысы қадағалауға алынбақ.

Жергілікті атқарушы билік өкілдері теміржолшылармен бірлесіп, көмірді жеткізу, жөнелту және тарату мерзімдері мен отын мөлшері ескерілетін нақты кесте жасалатын болады. Мұнымен қатар, облыстағы көмір сату нүктелерінің, көмір тұйықтарының жұмысын тексеру және осы тізбектен алыпсатарларды, әсіресе шалғай аудандарға қатысты делдалдарды анықтау, шара қолдану бойынша жұмыс жүргізілмек.

Бүгінде Семей ЖТ бөлімшесінің логистика және жүк тасымалын ұйымдастыру бөлімінің қызметкерлері қауырт қызметке кірісті. Бұл бағыттағы жоспарлы шаралар мен техникалық поездес барысы тораптық жанындар барысында жан-жақты талқыланбақ. Қазіргі күннің өзінде көмір тасымалына жауапты бірінші класты Дегелең және Жаңа-Семей жүк станцияларындағы межелі жұмыстар пысықталып жатыр.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ ДИРЕКЦИЯСЫ ЕҢБЕК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК МАҚСАТЫНА ЖЫЛЫНА

5,5 МЛРД ТЕҢГЕ

БӨЛЕДІ.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА БИЫЛ

27,312 КМ

ТЕМІРЖОЛҒА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІЛЕДІ.

СЕМЕЙДЕ ТИЕЛЕТІН ЖҮК КӨЛЕМІН

1 МЛН ТОННАҒА

ЖЕТКІЗУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР.

Сотрудничество

СЕВЕРНЫЕ ВОРОТА В ЕВРОПУ

Вопросы транспортировки казахстанских грузов через территорию Литвы обсудили в ходе визита представителей транспортно-логистического сектора Литвы в Казахстан.

Любовь РОВБА,
Нур-Султан

В составе литовской делегации – вице-президент, председатель литовско-казахстанского делового совета и президент литовской национальной ассоциации автомобильных перевозчиков LINAVA.

Цель визита – обсуждение сотрудничества в транспортной сфере, возможности двусторонних и транзитных перевозок грузов между нашими странами, включая направление на литовский морской порт Клайпеда, а также по Транскаспийскому международному транспортному маршруту (ТМТМ).

Деловая повестка включала встречу с представителями государственных органов, дочерних компаний АО «НК «ҚТЖ», казахстанского бизнес-сообщества.

Так, во время встречи с руководством ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» презентована литовская компания LTG Cargo, занимающаяся перевозкой грузов по Европе на колее 1435 и 1520 мм, а также ремонт и техническим обслуживанием локомотивов и вагонов.

Кроме того, гости рассказали о сотрудничестве порта Клайпеда в Балтийском море с годовой грузоподъемностью 65 миллионов тонн.

Литва позиционирует себя как страну, которая может стать северными воротами в Европу для казахстанских грузов, отметили представители литовской делегации.

Вопросы транспортировки казахстанских грузов через территорию Литвы также обсудили на встречах с ООО «KTJ Express Hong Kong Limited», АО «Кедентранссервис» и другими транспортно-логистическими компаниями.



Ернур ТҮРСЫНБЕКОВ,
«Семей-ЖТ» бөлімшесі
Суықбулақ станциясының бастығы:



ҚАЗІРГІ КҮНДЕРІ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ТӘУЛІГІНЕ 90 ВАГОНҒА ЖҮК ТИЕП, ЖОЛҒА ШЫҒАРА АЛАМЫЗ. КЕЙДЕ ТАПСЫРЫС САНЫ КҮРТ АРТЫП КЕТЕТІН КЕЗДЕР ДЕ БОЛАДЫ. СТАНЦИЯДАН БИЫЛ 4 АЙДА БЕС МЫҢНЫҢ ҮСТІНДЕ ВАГОНҒА ЖҮК ТИЕЛІП, ЖӨНЕЛТІЛДІ.



МЕДИЦИНАЛЫҚ ПОЙЫЗДАР ҚАЙТА ШЫҒАДЫ

Пандемия басталғанға дейін 9 жыл бойы еліміздің түкпір-түкпірін аралап, халыққа тегін дәрігерлік қызмет көрсетіп келген медициналық пойыздар араға 2 жыл салып, қайтадан жолға шықпақ. Еске сала кетсек, «Медициналық пойыздар» жобасын «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен, сондай-ақ «Қазақстан темір жолы» компаниясы жанындағы Әлеуметтік жобалар қорымен бірлесіп 2010 жылдан бастап жүзеге асырып келеді.

Райхан РАХМЕТОВА,
Нур-Султан

Екі жыл коронавирус індетімен күрескен елімізде аталған жоба біраз үзілістен кейін 23 мамырдан бастап қайта жанданбақ. Алматы-2 станциясынан аттанатын «Жәрдем» және «Саламатты Қазақстан» медициналық пойыздарының құрамында білікті дәрігерлер мен мамандар тағы ел аралап, шалғай елді мекен тұрғындарына медициналық қызмет көрсетеді. 142 станция мен бекетке аялдайтын «Жәрдем» пойызы 6 қараша сапарын аяқтайды. Ал «Саламатты Қазақстан» пойызының сапары 20 маусымда Алматыдан басталып, 122 станция-бекетті аралай отырып 2 қарашада аяқталады.



Өткенге шолу жасасақ, «Медициналық пойыздар» жобасы 2010 жылдың шілде айында «Денсаулық» емдеу-диагностикалық пойызынан басталғанын көреміз. «Денсаулық» және «Жәрдем» емдеу-диагностикалық пойыздары ҚР Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015

жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында Төтенше жағдайлар министрлігі және «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ арасында жасалған меморандумға сәйкес іске асырылды. Шалғайдағы шағын станциялар мен бекеттердің және оларға таяу орналасқан елді мекендердің

мамандандырылған медициналық жәрдемге мұқтаждығы, емдеу-диагностикалық жәрдемді қажет ететін жұртшылықтың көптігі «Денсаулыққа» қоса 2011 жылдан бастап «Жәрдем» пойызын да шығаруға себеп болды.

2010-2018 жылдар ішінде консультациялық-диагностикалық пойыздардан еліміздің барлық облыстарынан 1326 станция тұрғындары тексеруден өткен. Дәрігер мамандар 379 000 қазақстандықты тексерістен өткізе, оның 83 806-сын балалар құраған. Дәрігерлік қабылдаулардың саны шамамен 2,5 млн асқан.

Бұл пойыздардағы медициналық бригадалар құрамында терапевт, педиатр, гинеколог, хирург, кардиолог, стоматологтан бастап лор, окулист, маммо-

лог, тағы басқа сирек дәрігер мамандар түгел болды. Олар ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық және консультативтік-диагностикалық көмек көрсетіп, нәтижесінде қаншама жүздеген, тіпті мыңдаған адамның ауруының алдын алып, ажалдан арашалап қалғаны рас. Пойыздар құрамындағы медициналық кабинеттер ең соңғы технология жетістіктеріне негізделген құрылғылармен жабдықталған, олардың қатарында ЭКГ, УДЗ аппараты, отоскопиялық құрылғы, гематологиялық және биохимиялық анализатор, Мерлин ультратрадыстық сканері, стоматологиялық құрылғылар, флюорограф, гастродифиброскоп және тағы басқа заманауи жабдықтар болды.

Міне, таяу күндері тағы да жолға шығатын, халық арасында «дөңгелек үстіндегі емхана» аталып кеткен ақжолтай пойыздар үшін «ҚТЖ» компаниясы бұрынғыдай жолаушылар вагондарын бөліп, жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін болады.

Сурет архивтен

ЭКСПОРТНЫҢ ПОТЕНЦИАЛ



Активно использовать экспортный транзитный потенциал портов Каспия поручил Премьер-министр РК Алихан Смаилов в ходе рабочей поездки в Мангистаускую область.

Актауский морской торговый порт расположен на восточном побережье Каспийского моря в точке пересечения нескольких международных транспортных коридоров. В порту обеспечивается перевозка грузов с востока на запад, с севера на юг и обратно в направлении Ирана, Турции, России и Азербайджана. Это крупнейший на Каспии транспортный узел.

На базе порта Актау планируется строительство контейнерного хаба на площади не менее 19 га. К проекту, который предполагает увеличение мощностей сухогрузных причалов, проявляют интерес многие иностранные компании.

Мангистауская область обладает огромным транспортно-логистическим и инфраструктурно-сервисным потенциалом международного значения. При этом возможности морских портов страны используются не полностью, а загрузка в среднем составляет всего 21%. Эту ситуацию необходимо менять. Министерству индустрии и инфраструктурного развития совместно с АО «НК «Қазақстан темір жолы» необходимо проработать вопрос увеличения загрузки морских портов Актау и Курык путем направления экспортных грузов по Транскаспийскому международному транспортному маршруту, – сказал Алихан Смаилов.

По прогнозам экспертов, в текущем году ожидается двукратный рост контейнерных перевозок к уровню прошлого года – до 50 тысяч ДФЭ, а объемы перевозок по маршруту ТМТМ вырастут в шесть раз – до 3,2 миллиона тонн.

С учетом обозначившейся динамики увеличения грузопотока, морскими операторами ТОО «НМСК «Казмортрансфлот» и ASCO (Азербайджан) запланировано привлечение в течение месяца двух дополнительных судов для курсирования между портами Актау и Баку (Альт). Таким образом, в ближайшее время маршрут будут обслуживать пять фидерных судов.

Айлин БАУРЖАН

ҚАЛА МАҢЫ ТАСЫМАЛЫНА СҰРАНЫС БАР

Ерман ӘБДИЕВ,
Тараз



Әлеуметтік маңызы бар жолаушы тасымалы облыс бойынша бірнеше бағытта жүзеге асырылады. Өткен жылы Әулиеата өңірінде қала маңы тасымалын 42 140 жолаушы пайдаланған.

Бүгінгі күні қала маңы тасымалы бірнеше бағытта қамтып отыр. «Жамбыл-Жаңатас» пойызының бағыты – Тараз, Бурыл, Шайқорық, Аса, Жұма, Тамды, Қаратау, Ақтаутас, Шабақты, Жаңатас станцияларына аялдап, сол төңіректегі тұрғындарға қызмет көрсетті. Бұл бағыт тек қыс айларында ғана жүріп тұр. Жаз айларында тоқтайды. Жамбыл облысы дотациялық аймақ болғандықтан шығын көп.

Ал, «Шу-Шығанақ-Мыңарал» бағытындағы пойыз – Шу, Бірлік, Жиделі, Хантау, Сарыбұлақ, Қияқты, Қарасай, Бурылбайтал, Шығанақ, Үшбұлақ, Мыңарал станцияларын басып өтсе, «Шу-Отар» бағыты – Шу, Далқайнар, Көктөбе, Алайғыр, Құлақшын, Бел, Аңырақай, Шыңырау, Отар станциялары мен станцияға жақын орналасқан елді мекен тұрғындары пайдаланып отыр.

«Аталған бағыттарға бекітілген билет құны, яғни «Жамбыл-Жаңатас» бағытына 1027 теңге, «Шу-Отар» бағытына 909 теңге және «Шу-Шығанақ-Мыңарал» бағытына 1307 теңге, ал көмелетке толмаған жолаушыларға толық билет құнының 50% құрайды» дейді мамандар.

БІР ҚҰРАМНАН ЕКІ АҚАУ АНЫҚТАЛДЫ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



Маңғыстау вагон пайдалану депосының қос бірдей вагон қараушысы бір уақытта бір құрамнан екі қауіпті ақауды анықтады. Ақтау порты станциясына келген жүк пойызына техникалық қызмет көрсету кезінде вагон қараушылардың назарына іліккен екі ақау да қауіпті деп танылды.

Станцияға келіп тоқтаған №3601 жүк пойызын оң жақтан бастап тексеріп келе жатқан вагон қараушы Ергали Башенбаев доңғалақ жұбы дискісінің жарығын бірден көреді. Ал дәл осы құрамды сол жағынан тексеріп келе жатқан Қонай Дайыров та дөңгелек жұбында букстың жылжып кеткенін анықтайды. Қос вагон қараушының да тапқан ақаулары мамандар тексеруінен соң дәлелденіп, қозғалыс қауіпсіздігіне қосқан үлестері үшін оларға алғыс жарияланды.



– Пойыздың рельстен шығып кету жағдайының алдын алып, қозғалыс қауіпсіздігіне және өз міндетіне жауапкершілікпен қарағаны үшін вагон қараушыларымызға алғыс айтамыз. Олар ақауды дер кезінде тапты. Егер вагондар осындай кемшілігімен әрі қарай қозғалып кеткенде тағдыры не болары белгісіз еді. Бір жерде морт сынып, апатқа ұшырауы әбден мүмкін еді. Сондықтан мұндай мамандарымызды мақтан етеміз, – дейді Маңғыстау қосалқы бөлімі бастығының орынбасары Ерлан Бүркітов.

Вагон қараушылардың екеуі де атамекенге оралған қандастар екен. 2006 жылы Маңғыстау ТҚКП мекемесіне вагон қараушы-жөндеуші болып жұмысқа орналасқан. *Суретті түсірген автор*

ТАЗАЛЫҚ — ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Жан ПЕРДЕБЕК,
Шымкент



Өткен аптада «Тазалық – денсаулық кепілі» атты ұранмен Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің ұжымы сенбілік өткізіп, әкімшілік ғимараттың алдын, субұрқақтың айналасын, техникалық автотұрақ маңайын қоқыстар мен қалдықтардан тазалады.

Теміржолшылар сенбілігін ұйымдастырған НЖС-9 бас инженері Мұхтарбай Битемировтің айтуынша, тазалық жұмыстары әріптестер арасында дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады. Бұл жолы да өздері отыратын ғимарат айналасын, жұмыс орындарын талапқа сай келтіруді қолға алып, сенбілік өткізуді де бірі бастап, қалғаны қоштап, бөлімше қызметкерлері мұрындық болған. «Тазалық табалдырықтан басталады» демекші, теміржол бөлімшесі орналасқан жердің көз тартар көрікті де таза болғаны ең алдымен өздері үшін жақсы және «сырт көз – сыншы» демекші, келген-кеткен елден де ұялмайтындай болу керек деп санайды жергілікті теміржолшылар.

Сенбілікке жұмыла кіріскен жұмысшылар түске дейін айнала төңіректі айнадай етіп тазалап, қоқыстарды шығарып тастады.

Теміржолшының бір күні

МАШИНИСТ БОЛУ ОҢАЙ МА?

Бір қарағанда машинистің жұмысы оңай көрінеді. Қос рельстің бойымен жылжыған алып машинаны басқарып отырғанның несі қиын деп ойлайтындар жоқ емес. Редакция тапсырмасымен машинистер бригадасы құрамында Қызылордадан Шиеліге дейін сапар шеккен едік...

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Тепловоз кабинасына бөтен адамды жолатпайтын қатал машинистер бригадасы бүгін басшылықтың рұқсаты әрі тапсырмамен жүргенімізді ескеріп біршама жұмсарды, жұмыс орындарын «көзбен көріп, қолмен ұстауға» рұқсат берді.

Ара-тұра «... пойыз басып кетіпті», «малды паршалап өтіпті», «машинист тежегішті басқанмен пойыз тоқтамапты...» деген қорқынышты ақпараттарды естіп, осы бір алып машинадан алыстау жүргенді ұнататындар қатарынанбыз. Бұл жолы да қорқынышты дүлейдің кабинасына сескеніңкіреп мініп, жан-жағымызға зер сала қарадық.

Жалпы, басынан бастасақ, деподағы локомотив жасақшысының «Машинист Әлібек Сейткамалов М35 сигналында тұрмын, нұсқау күтемін» деп баяндады.

«Қабылданды, машинист Сейткамалов!» деген станция кезекшісі М35 сигналын ашып, екінші жолда тұрған вагондар құрамына тірке-луге рұқсат берді. Осыған дейін де сөйлесу регламентін сақтаған машинистер бригадасы станция кезекшісімен арадағы диалогтарды талапқа сай орындап, қайталап отыруы қажет екенін ұқтық. Құрамаға тіркелгеннен кейін көмекшіге тежегіш жалғағыштарын жалғап, вагон құрамының ауамен толық қамтылғанына көз жеткізуге бұйрық берген машинист бағдаршамның жасыл түске ауысуын күтіп, кесте бойынша станциядан жүріп кетуге дайындала бастады. Ескере кететін жайт, 748-ші бұйрық бойынша 1 минуттық дайындық жасалу міндетті, мұнда машинист жолаушылардың мінген жағынан

тапсырған нұсқаушы тепловозды қабылдауға рұқсат берді.

Тепловозға келіп ТУ-152 борт журналындағы техникалық жағдайымен, оның ішінде жүріс бөлгінін жеке тексеруден өткізіп, көмекшісі Азамат Қазақбаевтың тепловоз дизелінің барлық тетігін мұқият қарап шығуын қадағалаған машинистің өзі қосымша жарық көздері, жанармай бактерінің беріктігі секілді өзге де тетіктерді тексеріп, көліктің техникалық жағдайын талапқа сай екеніне көз жеткізген соң вагондар құрамына тіркеуге беттеді. Бақылау постына келіп, рация арқылы станция кезекшісімен байланысқа шығып: «Машинист Әлібек Сейткамалов 16 сағат 45 минут №019609 тепловозымен М35 сигналында тұрмын, нұсқау күтемін» деп баяндады.

«Қабылданды, машинист Сейткамалов!» деген станция кезекшісі М35 сигналын ашып, екінші жолда тұрған вагондар құрамына тірке-луге рұқсат берді. Осыған дейін де сөйлесу регламентін сақтаған машинистер бригадасы станция кезекшісімен арадағы диалогтарды талапқа сай орындап, қайталап отыруы қажет екенін ұқтық. Құрамаға тіркелгеннен кейін көмекшіге тежегіш жалғағыштарын жалғап, вагон құрамының ауамен толық қамтылғанына көз жеткізуге бұйрық берген машинист бағдаршамның жасыл түске ауысуын күтіп, кесте бойынша станциядан жүріп кетуге дайындала бастады. Ескере кететін жайт, 748-ші бұйрық бойынша 1 минуттық дайындық жасалу міндетті, мұнда машинист жолаушылардың мінген жағынан



қарап, вагонға жабысқан, міне алмаған, вагонға ентелеп жүгіріп келе жатқан жолаушының бар-жоғын байқап, ешқандай кедергі жоқ екеніне көз жеткізіп барып бекеттен аттану үшін берілетін бір ұзын сигналдан соң станция кезекшісінің рұқсатымен жолға шығады.

...Сонымен жолдамыз, Қызылорда артта қалды. Станциялық жолдан шыққан бойы, сағатына 25 шақырымға дейінгі жылдамдықтан 50-60 шқ/сағатқа көшірілген құрам перегонға шыққан соң жүрісін одан әрі үдете түсіп, пневматикалық тежегіш тексерілді. Тежегіш толық жұмыс жасап тұр. Бұдан кейін электропневматикалық тежегіш тексерілді. Әр бекетке жақындағанда станция кезекшілерімен кіріс бағдаршамның сары түсті, шығыс бағдаршамның жабық екені баяндалып, айтылған бұйрық, пәрмендер қайталанып отырды, әр перегонда бекітілген жылдамдық қатаң ұсталып, кіріс

бағдаршамның жасыл түсін белгіленген жылдамдықпен кесіп өтудің маңызды екеніне көз жеткіздім.

Шиелі станциясына жеткенше сапарымыз бірқалыпты өтті, ешқандай тосын жағдай болған жоқ. Сырт көзге өңкіген қорқынышты дүлей көрінетін алып тепловоз станция кезекшісі мен диспетчердің машинист-нұсқаушының айтақын бұлжытпай орындап, телім бойындағы ескерту белгілері мен бағдаршамды назарда ұстап, учаскелік жылдамдықты сақтай отырса, айтқанға көніп, айдауға жүретін «тіл алғышқа» айналады екен. Демек, оны қорқынышты дүлей жасайтын да, момақан «тіл алғыш» ететін де өзіміз келіп жанталасамыз. Ал, адам басып кеткен машинистің ауыр психологиялық жағдайға дұшар болатынын ойлаған кім бар??? *Суретті түсірген автор*

КЕМ-КЕТІКТІ ТҮЗЕТУГЕ УАҚЫТ БЕЛГІЛЕДІ



Атырау өңірі бойынша көктемгі байқауды қорытындылау жиыны өтті. Оған барлық құрылымдық бөлімшелер, станция басшылары мен жауапты мамандар қатысып, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қауіпсіздік техникасы, еңбек қорғау жағдайы және қызметтік-техникалық ғимараттар бойынша кемшіліктер сараланды.

Қосыйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Бөлімше бойынша барлығы 1123 кемшілік анықталған. Соның ішінде ең көбі жол шарушылығына қатысты. Бөлімшенің бас ревизоры Жәнібек Сауровтың айтуынша, жолдардың сапасына сын көп. Ескірген шпалдар, бағыттамалы бұрмалардың бекітпелері осал, параметрлері талапқа сай емес, араларында саз, шөп басып кеткен жерлер бар. Станциялық жолдарға көңіл бөлу төмен. «Жол шеберлері жұмысты жандандыруы тиіс. Анықталған кемшіліктер уақытында түзетілмейді. Оның салдары жақсылыққа әкелмесі анық. Мәселен, наурыз айында Мақат станциясында локомотив пен вагонның жолдан шығып кетуі орын алды. Сондықтан Атырау және Құлсары жол дистанциясының басшылары пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауда жеке нормативтерді орындаулары қажет» деп ескертті ревизор.

Сонымен қатар малға қарсы қоршауларды жөндеу дер кезінде жүргізілмей, бұзылған күйінде қалатын жағдайлар көп екені де сөз болды. Жолды құмнан тазарту жұмыстарын да үнемі жүргізіп отырған абзал, алайда ол арнайы құралдармен жасалуы тиіс, әйтпесе өмірге қауіпті жағдай орын алады. Атап айтқанда, Құлсары-Бейнеу, Атырау-Исатай учаскелерінде жолды құмнан тазарту жұмыстарын технологиялық талапқа сай ұйымдастыру қажеттігі айтылды.

Жиында Атырау вагон пайдалану депосының командирлік-нұсқаулық құрамы тарапынан лауазымдық міндеттерді орындау сапасыз атқарылады. Нәтижесінде вагон қараушылар техникалық қызмет көрсетуде ақауды анықтау мен түзетуде кемшіліктер жібереді. Вагон қараушылар тарапынан вагонды қарау кезінде қозғалыс қауіпсіздігіне әсер ететін кемшіліктер анықталмай жатады, қол шам жетіспейді, рациялардың қашықтықты ұстауы төмен, сондықтан кейбірі оны қолданбайды



деген сындар айтылды. Жоспардан тыс техникалық сабақтар да уақытылы өткізілмейді, сондықтан өндірістік-техникалық қызмет көрсетудің сапасын арттырып, вагон қараушылардың жұмысына бақылау жүргізу қажеттігі сөз болды.

«Құлсары, Махамбет, Аққыстау станцияларында СОБ қондырғысын күтіп-ұстау, 441-ші разведке «Диалог» МПДЦ жүйесіне сервистік қызмет көрсету өте нашар, ол қозғалыс қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндірді. Яғни, оларды қолдану технологиясы мен нормативтер белгі беру және байланыс дистанциялары басшылары мен участок жетекшілері, аға электромеханиктер тарапынан жеткілікті дәрежеде орындалмайды. Әсіресе ауа райы нашар, нөсер жауын не қатты жел күндері жауапты мамандар желі бойын үнемі назарда ұстағаны абзал», – дейді ревизор. Мұнда да техникалық сабақтардың өтуі өз дәрежесінде емес екен.

Локомотив деполарының басшылары мен орта буын мамандар жұмысында да кемшілік көп, жұмыс технологиясын, қозғалыс қауіпсіздігін сақтау мақсатында ұйымдастырушылық және техникалық шаралар алу, цехтар мен учаскелерді тексеру, локомотивті жөндеу сапасын қадағалау, жылдамдықты реттеу лентасы мен кассетасының дұрыс көрсетуін тексеру, ТО-2 техникалық қызметінен кейін локомотивтердің жағдайын

тексеру, т.б. мәселелерге назар аудару қажеттігі ескерілді. Сервистік қызметтен кейін локомотивтер кепілді мерзімге жете алмай қалады екен. Соның нәтижесінде көктемгі тексеру барысында 6 локомотив қолданыстан шеттетілген. Бас ревизор ерекше тоқталған тағы бір мәселе ол – маневрлік локомотивтерді бір ғана адамның жүргізуі. Ол қозғалыс қауіпсіздігіне кері әсер етеді және түнгі мезгілде аса қауіпті. Сондықтан осы тығырықтан шығу амалын да қарастырған жөн. Мақат, Құлсары, Ганюшкино станцияларында басшылары тарапынан қауіпсіздік бойынша жеке нормативті орындау өз дәрежесінде емес, кемшіліктер анықталмайды. Учаскелік ревизорлар техникалық оқытуға көңіл бөлуі тиіс. Тексеру барысында жалпы қай мекемеде болса да басшылар тарапынан қадағалау, нормативтік құжаттарға сай талаптарды орындау, құжаттарды жүргізу, жұмысшылардың мамандығына сай білім дәрежесі төмен, т.т. кем-кетік анықталған.

Жиын соңында бөлімше басшылығы көктемгі байқауда белгілі болған оқшылықтарды жойып, мамандардың білімі мен біліктілігін арттыру, өз міндеттеріне жауапты қарау, техникалық сабақтар сапасын жақсарту, еңбек және қауіпсіздік техникасын сақтау жөнінде шешімдер қабылдап, кем-кетікті түзетуге уақыт белгіледі.

Суреттерді түсірген автор

Интервью

ГИБКИЕ ИНСТРУМЕНТЫ
В ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОМ МЕНЕДЖМЕНТЕ

Во всем мире наблюдается устойчивый тренд на саморазвитие и гибкие технологии. Не отстают от мирового мейнстрима и железнодорожники. Свою лепту в этот процесс вносит заместитель генерального директора по корпоративному развитию ТОО «Темир Транс Сервис», сертифицированный коуч ICF, тренер высшей школы бизнеса ALMAU Расима Баязитова. Ее профессиональные знания и опыт помогают построению сильной корпоративной культуры, основанной на создании и развитии эффективной команды, чтобы коллеги максимально раскрыли свой потенциал и развивали не только hard skills, но и soft skills.

– Расима Тлеубергеновна, являясь заместителем генерального директора производственной компании, предоставляющей комплекс услуг по ремонту и сервису грузового подвижного состава, на какие моменты в работе вы, прежде всего, обращаете внимание?

– Наш коллектив железнодорожников – это одна большая команда, в которой каждый четко понимает цель и разделяет ценности с компанией, такие как качество, ответственность, слаженность, оперативность. Наша компания как часовой механизм, в котором если отказывается работать одна деталь, то выходит из строя все. Поэтому важной частью рабочего процесса является вовлеченность и слаженность коллектива.

При этом для руководителя основная задача – создание комфортной социально-психологической атмосферы, в которой сотрудники смогут продуктивно разрешать текущие вопросы и добиваться высоких результатов.

Сейчас среди существующих мировых тенденций огромную роль играет навык саморазвития каждого сотрудника в частности и построение корпоративной системы обучения в целом. Мы тоже не можем упускать этот аспект из виду.

– Поэтому у вас основной упор в части развития человеческого капитала делается на командообразование?

– Да, ведь по сути командообразование – это насущная необходимость для развития бизнеса. Когда весь коллектив действует слаженно, сотрудники плечом к плечу решают поставленные задачи. Резко возрастает эффективность всех бизнес-процессов, повышается конкурентоспособность. И при этом важно, что рост происходит не за счет привлечения новых ресурсов, а за счет внутренних резервов.

Думаю, что в любой компании командообразование позволяет создать не просто сплоченный коллектив, а сделать каждого работника в первую очередь командным игроком. При этом, создать сильную и эффективную команду не получается по щелчку пальцев. Соответственно,

к вопросам формирования и развития команды необходимо подходить очень серьезно. Тем более, у нас в компании большой территориальный разброс – 10 региональных участков, которые охватывают весь Казахстан. Для нас важно, чтобы, несмотря на удаленность друг от друга, мы все работали как единый слаженный механизм. И в этом процессе помогают внутренние тренинги и коучинг.

– Расскажите подробнее об эффективности коучинга как инструмента управления.

– К примеру в больших компаниях в России есть штатные коучи, задача которых – увеличивать эффективность отдельных сотрудников и команды в целом. Коучинг помогает раскрыть потенциал, определить видение дальнейшего развития и карьеры, а также выявить внутренние ресурсы каждого сотрудника.

Через командный коучинг мы формируем общее видение проблемных вопросов и задач, пути решения, помогаем сотрудникам развивать навыки критического мышления, происходит «сшивка» команды, повышается вовлеченность и мотивация. Команда начинает думать не правильно, а одинаково. Результат – повышение производительности компании.

Конечно, для железнодорожников это новые, не всегда понятные технологии, но часто и с большой охотой они становятся участниками обучающих тренингов и коучингов. При этом наши сотрудники понимают, что профессии на всю жизнь теперь нет и необходимо быстро осваивать новые навыки, которые понадобятся в недалеком будущем. По мировой статистике, миллионы рабочих мест станут неактуальными. В то же время в ближайшем будущем лет ожидается появление примерно 97 миллионов новых рабочих мест. Например, в таких сферах как анализ данных, искусственный интеллект, развитие бизнеса, интернет-маркетинг.

– Чему же стоит учиться сейчас, чтобы быть в тренде в будущем?

– Перечислять можно долго, но, на мой взгляд, основное – это Soft skills, а именно: эмоциональ-



ный интеллект, критическое мышление, навык саморазвития, цифровая грамотность, концентрация и управление вниманием, экологическое мышление, креативность и творчество и другое.

– Расскажите, пожалуйста, подробнее об одном из своих последних тренингов?

– Давайте остановимся на тренинге «Создание и развитие сильных команд». На нем можно узнать многое: как формируется уникальная корпоративная культура «бирюзовых» команд, определяется тип руководителя, его роль в команде, управление поведением членов команды, роли, разбор психотипов. Кроме того, люди получают энергию и мотивацию, вовлеченность в процесс, теоретические и практические знания, инструменты, различные кейсы, узнают какую важную литературу можно изучать самостоятельно.

Также очень полезным оказался и тренинг по развитию корпоративных компетенций. После таких тренингов работники уже точно знают, где и как будут применять полученные знания на практике. Большой плюс таких тренингов в том, что здесь в неформальном общении руководители и обычные сотрудники обсуждают основные направления деятельности, определяют свою роль. Выполняют практические задания, они учатся вместе обсуждать решения, поддерживать обратную связь с работниками. Я всегда подчеркиваю, что необходимо налаживать более тесное общение руководителей всех уровней с простыми рабочими, так сказать,

создаем социальные лифты.

– Многие считают, что их профессиональный рост обусловлен только рабочими часами, и нужно прилагать усилия только в это время. Как вы считаете, верно ли это?

– Есть такое выражение: «ваш вечер делает ваше будущее». Нужно просто проанализировать, чем человек занимается после основной работы. Большинство людей не придает этому значения и считает, что хорошо потрудились. И это выбор каждого – бездумно потратить время на просмотр сериалов или заняться саморазвитием. На своих тренингах я всегда и всем даю совет: читайте, читайте и снова читайте. Чтение может выгодно развить любого человека и сделать на голову выше всех. Те, кто много читают, больше разбираются в разных сферах знаний, и это может быть полезно для компании. Еще один совет – активно налаживайте деловые связи. Ведь общаясь с разными людьми и узнавая их мнение, можно получить бесценный опыт.

– Как вы считаете, зависит ли от тренингов какими будут работники на железной дороге будущего?

– Да, однозначно. Все позитивные изменения, которые несут с собой тренинги, заставляют меняться буквально каждого сотрудника компании. И это очень важно на нынешнем этапе перехода к глобальной цифровизации технологических процессов. Сейчас, когда на производстве постоянно появляются новые технологии, все острее встает вопрос, что задача личностного роста каждого сотрудника – это задача будущего. Больше меня радует, когда я чувствую открытость к изменениям. Я понимаю, что многие привыкли выполнять работу старыми привычными путями и ничего не менять из года в год. Но сейчас такой подход становится невозможным, и надо принять это как должное, смело шагать в будущее.

– Благодарю вас за очень интересную беседу!

Асель Шайхынова,
Нур-Султан
Фото автора

У ВАГОННИКОВ
ГОРЯЧАЯ ПОРА

Светлана МОГАЙ,
Караганда



На Карагандинском участке Акмолинского филиала по ремонту пассажирских вагонов АО «Вагон-сервис» идет усиленная подготовка к летним перевозкам. Ежедневно на предприятии проходит технический осмотр по четыре вагона.

По словам мастера цеха по производству ТО-3 Карагандинского участка Акмолинского филиала по ремонту пассажирских вагонов АО «Вагон-сервис» Рымбека Аринова, согласно графику в апреле-мае вагоны готовят к летним перевозкам. При ТО-2 вскрываются окна, производится расконсервация систем охлаждения и вентиляции.



– При ТО-3 осуществляется единая техническая ревизия всех узлов с выкаткой тележки. Таким образом, проводится промежуточная ревизия букс, гидравлических гасителей колебаний и самих тележек. Ни одно ТО-3 не обходится без ревизии тормозного, автосцепного, электрического, радиохолодильного оборудования и приводов подвагонного генератора, – отмечает он.

В ТО-3 также входит осмотр и ремонт внутреннего оборудования, систем водоснабжения и отопления, аккумуляторных батарей, частичная покраска тамбуров. В ремонтном процессе задействованы слесари по ходовой части, электрооборудованию и внутреннему оборудованию. На сегодняшний день в ТО-3 задействовано пять человек. Однако при необходимости привлекаются дополнительные работники. В общей сложности в горячую пору трудятся от 12 до 15 человек.

Рымбек Аринов пояснил, что ТО-3 проводится по истечении шести месяцев или когда пробег поезда составит 150 тысяч километров.

Фото автора

ОПАСНОЕ УВЛЕЧЕНИЕ

Жанара ЖУСУПОВА,
Павлодар



На минувшей неделе 18-летняя жительница Павлодара попала в реанимацию в попытке сделать селфи на крыше поезда. Сейчас ее состояние медики оценивают как тяжелое.

Несчастный случай произошел на железнодорожной станции Жолкудук. Получив множественные травмы, девушка чудом осталась жива.

18-летняя девушка получила электротравму. У нее термический ожог правой части тела, травматический шок II-III степеней, ушибленная рана волосистой части головы, сообщили в пресс-службе областного управления здравоохранения.

На сегодняшний день состояние пострадавшей остается тяжелым, наблюдаются только небольшие улучшения.

Железнодорожники напоминают населению, что крыша грузового и пассажирского вагона находится под напряжением 27 тысяч вольт. В последние годы участились несчастные случаи, когда молодые люди в поисках экстрима или оригинального контента для социальных сетей получают серьезные увечья.

С ТОЧНОСТЬЮ
ДО СЕКУНДЫ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



Пожарно-тактические учения по условному тушению пожара в локомотиве прошли на станции Тобол. Свой профессионализм продемонстрировали работники пожарного поезда, который базируется на станции Костанай.

По тактическому замыслу, при работе в парке станции Тобол произошло возгорание в маневровом локомотиве. Возникла опасность распространения огня. На тушение пожара прибыл пожарный поезд.


Противопожарный расчет обработал быстро и слаженно, оперативно локализовав, а затем ликвидировал пожар, за что и получил положительную оценку руководства.

Как сообщил начальник негосударственной железнодорожной противопожарной службы Султан Смамбаев, данные учения были максимально приближены к реальной ситуации, чтобы побудить огнеборцев продемонстрировать все свои навыки.

В учениях были задействованы пожарный поезд станции Костанай, подразделения ДЧС области, сотрудники пожарного поста поселка Тобол, а также формирования и звенья гражданской защиты станции Костанай.

– Основная цель учений – отработка взаимодействия, проверка готовности формирований, привлекаемых для тушения пожаров, обучение личного состава оценке обстановки пожаров, определению решающего направления на пожаре, организации тушения пожара в сложных условиях и управления личным составом при работе в боевой обстановке, – говорит Султан Смамбаев.

СОСТАВЛЯЮЩИЕ БЕЗОПАСНОСТИ



В ТРУДОВОМ
РИТМЕ

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Общая протяженность гарантийных плеч Алматинского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-25) составляет 1248,4 километра. В эксплуатации на обслуживаемом участке имеется 35 средств автоматического контроля КТСМ-02.

Только за первый квартал текущего года с их помощью проконтролировано 59 278 поездов (против 48 211 за аналогичный период прошлого года), остановлено 11 поездов (в прошлом году 16), из них нагревание буксового узла – шесть случаев, торможение – три, волочение – два.

По ВЧД-25 эксплуатируются пять установок зарядки и опробования тормозов (УЗОТ-РМ). С начала года опробовано через установки УЗОТ-РМ 920 поездов, за аналогичный период 2021 года – 887.

На участке Алматинского эксплуатационного вагонного депо имеется шесть пунктов технического обслуживания (ПТО), пять

пунктов контрольного технического осмотра (ПКТО), 17 контрольных пунктов (КП), один пункт текущего отцепочного ремонта (ТОР), три – подготовки вагонов (ППВ) и пункт технической передачи вагонов (ПТП). К слову, из отцепленных по ВЧД-25 1 094 вагонов отремонтировано 956.

В первом квартале текущего года совместно с представителями станций, ветвладельцами подъездных путей, промышленных предприятий на путях станций проведены проверки. Кроме того, на станциях Алматы-1, Алматы-2, Уштобе, Алтынколь работниками станций и военизированной охраны организованы мероприятия по предотвращению краж узлов и деталей вагонов.

По словам начальника вагонного депо Кайсара Аманбаева, ежедневно контролируется состояние вагонов на предгорочных, сортировочных парках станции Алматы-1 и других станциях Алматинского отделения ГП, где производится погрузка и выгрузка.



Произведены проверки скоростей соударения вагонов с горки на станции Алматы-1.

Чтобы предупредить случаи предупреждения хищений, старшим осмотрщикам вагонов запрещена приемка поврежденных и разоборудованных вагонов с подъездных путей до устранения выявленных недостатков с составлением акта формы ВУ-25 (акт о повреждении вагона).

– Во время месячника «Контроль боковой рамы» при обработке

состава наши осмотрщики-ремонтники вагонов выявили сдвиг буксового узла, разрушение роликовой буксы, срыв болта стопарной планки, тем самым обеспечив безопасность движения поездов, – рассказал Кайсар Аманбаев.

Ежемесячно совместно с представителями локомотивного хозяйства производится комиссионный осмотр поездов перед отправлением в части обслуживания автотормозного оборудования.

Фото автора

ТАҒЫМЫ МОЛ ТАНЫМДЫҚ ШАРА



Ақтау көлік колледжінде «Аталар жолымен, ағалар ізімен» атты тақырыпта тағлымдық іс-шара өтті. 12 мамыр – М.Тынышпаевтың туған күніне орай даңқты теміржолшылар әулетімен кездесу және студенттердің ғылыми-практикалық конференциясы ұйымдастырылды.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Кәсіптік бағдар бере отырып мамандықты дәріптеуге арналған шараның қадірлі қонақтары өңірге танымал, түбек теміржолына еңбегі сіңген теміржолшы әулеттердің өкілдері болды. Бұл әсіресе кәсіптік білім алып жатқанмен ертеңіне күмәнмен қарайтын, болашақ мамандығының маңызын жете ұғына қоймаған студент жастар үшін танымдық, тағлымдық немесе тәрбиелік мәні зор шара болғаны анық.

– Колледж табалдырығын аттаған кешегі оқушы, бүгінгі студенттерді «Қандай мамандықты таңдадым?» немесе «Мамандығым бойынша болашақта қандай жетістікке жете аламын?» деген ойлар мазалайтыны жасырын емес. Сондықтан студенттеріміздің таңдаған мамандығы, оның қоғамдағы орны, жетістікке жету жолдары туралы білімін кеңейтіп, бағдар берген бұл басқосу екі бұрынғы диалогы ретінде өтті десек те болмайды. Аға буынның саладағы қызметі



мен кәсіпке адалдығы, жеткен жетістігі жас буынға ерекше әсер етіп, болашақтарына сенім ұялатқанына куә болдық, – дейді колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Роза Кезбаева.

Студенттермен кездесуге түбек темір жолына еңбегі сіңген құрметті теміржолшы ардагерлер Табылды Әміров, теміржолшы ардагерлер кеңесінің төрағасы Амандық Алдабергенов, Маңғыстау қосалқы бөлімінің бастығы, облыстық мәслихат депутаты Нәжімеден Ғұбашов, Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің ревизоры Болат Дүйсәлиев,

Маңғыстау белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы Кенғали Асқанбаев келді. Сондай-ақ, осы колледждің оқытушысы Марат Ағатай мен директордың оқу-өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары Ақжігіт Ахмедов те бұрынғы теміржолшылар қатарынан. Студенттер қонақтарды қошеметпен қарсы алып, үлкен құрмет көрсетті. Олардың естеліктерін тыңдап, түбек теміржолының кешегі-бүгінгі тарихынан мол мағлұмат алды.

Кездесу М.Тынышпаевтың 143 жылдығына арналған конференцияға ұласты.

Суретті түсірген автор

ПРОЧНЫЙ ТАНДЕМ

В ходе рабочей встречи железнодорожников с представителями транспортной полиции состоялся конструктивный обмен информацией. Обсуждены вопросы взаимодействия по искоренению преступности на объектах железнодорожного транспорта, организации согласованной совместной работы по безопасности и сохранности имущества на железной дороге.



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Во встрече приняли участие представители Семиреченской транспортной прокуратуры, Линейного управления полиции на станции Алматы-1, отделения грузовых перевозок, начальники железнодорожных вокзалов.

И. о. начальника ЛУП на станции Алматы-1 подполковник полиции Махмет Абенев вкратце рассказал о состоянии оперативного видеонаблюдения на объектах железнодорожного транспорта.

Стоит напомнить, что на данный момент на вокзалах и станциях, расположенных на обслуживаемом участке ЛУП, установлено 449 камер видеонаблюдения. Только на 64 локомотивах имеются

камеры наружного наблюдения. Срок хранения записей – 6 дней.

Также поднимались вопросы по обеспечению сохранности перевозимых грузов, фиксации экстренных торможений и несчастных случаев. В рамках совместной работы было предложено проводить разъяснительную работу с гражданами, в том числе через средства массовой информации.

Представители транспортной полиции поблагодарили руководителей железнодорожных предприятий станций Алматы-1 и Алматы-2 за плодотворную совместную работу, а также предложили с целью недопущения фактов стихийной торговли на перронах железнодорожных вокзалов совместно с местными

исполнительными органами установить единые торговые будки, а также «мобильные прилавки». Было подчеркнуто, что с начала года за торговлю в неустановленном месте по ст. 204 КРКоАП привлечены к административной ответственности более 40 человек.

В свою очередь начальники вокзалов Алматы-1 и Алматы-2 внесли предложение по обмену информацией между дежурной частью отдела ЛУП и дежурными службами станции, полной незамедлительной помощи в расследовании нарушений.

– На сегодняшний день главной задачей транспортной полиции и железнодорожников является обеспечение безопасности железнодорожного движения и правопорядка в целом, которое во многом зависит от слаженного взаимодействия причастных, – отметил Махмет Абенев.

Фото автора

ЕСКЕРТКІШ ТАҚТА ОРНАТТЫ



Шу белгі беру және байланыс дистанциясының ұжымы, осы кәсіпорынды 1997-2002 және 2007-2016 жылдары басқарған Құрметті теміржолшы Қартайған Аязбаевты құрметпен еске алып, дистанция кеңсесіне тақта орнатты.

Ерман ӘБДИЕВ,
Шу

2020 жылы 69 жасында өмірден өткен Қартайған Бөлегенұлы саналы ғұмырын болат жолға арнап, еңбек жолын осы саламен тығыз байланыстырған өз ісінің нағыз маманы болды. 1968 жылы Шоқпар орта мектебін бітіргеннен кейін Шу белгі беру және байланыс дистанциясында байланыс электромонтеры болып еңбек жолын бастаған ол 1969-1974 жылдары Ташкент теміржол көлігі инженерлері институтында оқып, жоғары білім алады. Жолдамамен Ереиментау белгі беру және байланыс дистанциясына барып, электромеханик, аға электромеханик, аға инженер, дистанцияның бас инженері, бастығы болып қызмет атқарды.



1987 жылдан бастап Шу белгі беру және байланыс дистанциясында бас инженері, бастығы, ал 2002-2004 жылдары Алматы белгі беру және байланыс бас дистанциясының директоры болды. 2007 жылға дейін «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ –

«Жамбыл магистралдық желі бөлімшесі» филиалын басқарды. 2007-2016 жылдар аралығында Шу белгі беру және байланыс дистанциясының бас инженері қызметінде болып, 2016 жылдың 1 ақпанынан зейнет демалысына шығады.

Қартайған Бөлегенұлы теміржолдағы СОБ және байланыс құрылғыларының техникалық тұрғыда жетілдіріліп, олардың күтімін жақсартуға, эстетикалық талаптардың сақталуына ерекше еңбегі сіңген, шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыруда аса білікті маман ретінде өзіне көрсете білген жан болды. Целиноград-Екібастұз, Шығанақ-Шу, Жамбыл-Шу-Отар аралықтарын электрлендіру жұмыстарына белсене атсалысқан азамат.

– Қартайған ағамыздың әкесі Бөлеген өмірін жолшы болып өткізген жан еді. «Тәрбие – талбесіктен» демекші, мектебі де әке өнегесі болған ғой. Көп сөзден гөрі нақты істі жаны қалайтын азамат еді. Жауапты, өз ісіне тиянақты, бастамашыл жастарды жан-тәнімен қолдайтын қасиеті болатын. Осы өңірде бұл салада жүрген мамандардың көпшілігі – сол кісінің шәкірттеріміз, – деді шарада сөз алған дистанция басшысы Қайрат Сазаев.

Суретті түсірген автор

Спорт

ЖЕҢІС – ЖОЛШЫЛАР КОМАНДАСЫНДА

Жуырда Семей ЖТ бөлімшесінде волейболдан кезекті біріншілік болып өтті. Бұл жолғы чемпионатқа желі бойынан жалпы саны 6 команда қатысып, өзара шеберлік сынасты.



Ойынға қатысқан теміржолшылардың барлығы да өз командалары бойынша алды ала іріктеуден өткендіктен тек кіл мықтылар ғана жиналған болатын. Сондықтан да, кездесулер барысы мейлінше тартысты өтіп, сауатты ойын үлгісін көрсетті.

Алғашқы топтық кезең өзара қарымта алмасумен ғана өткізіліп, шешуші соңғы сәтте үздік үштікке ілінуге тырысқан командалар барын салды. Мәселен, үшінші орын үшін таласқан Жаңа-Семей мен Семей станцияларының ойыны қызу өрбіді. Қарым-қаблеттері деңгейлес, бұрыннан бәсекелес саналатын қос команда біразға дейін есеп аша алмады. Әйтсе де, соңғы сәттерде Семей станциясының ойыншылары есебін тауып, қарсыластарын қапы қалдырды. Бұл ойынның жалғасына елеулі

ықпал еткені анық. Ал ақтықсында жолғысқан ПЧ-39 бен НЖС-6 командалары бірінші және екінші орындарды сарапқа салған болатын. Жанкүйерлер делебесін қоздырған бұл ойында жолшылар ұпай санымен басым түсіп жеңіске жетті. Осылайша бас жүлдені Рахат Ботаспаев басқаратын Семей жол дистанциясының құрыш белекті жігіттері иеленді. Екінші орын Семей магистралдық желі бөлімшесі ойыншыларына бұйырса, жүлделі үшінші орынды Семей станциясы місе тұтты.

Қуан ЕРТИС, Семей
Суретті түсірген автор

ВАЖНОЕ НАПОМИНАНИЕ



Сотрудники Семейского отделения грузовых перевозок и Семейского отделения магистральной сети по Защитинскому узлу совместно с представителями линейного отдела полиции на станции Оскемен-1 провели в средних общеобразовательных школах профилактические беседы с детьми и подростками. Основной темой стало поведение в зоне повышенной опасности.

Ольга УШАКОВА,
Оскемен

– Главным травмирующим фактором на железной дороге был и остается наезд подвижного состава на людей, – рассказал начальник ЛОП на станции Оскемен-1 подполковник полиции Жанат Ибраев. – В этой связи мы предупредили учеников школ, чтобы они не нарушали правила перехода через железнодорожные пути, не устраивали игры рядом с ними.

Совместно с представителями предприятий стальной магистрали – работниками станций, путейцами – полицейские провели беседы во всех школах, расположенных вблизи железной дороги. Было охвачено более сотни учеников.

Кроме того, каждый четверг и пятницу на участке обслуживания ЛОП станции Оскемен-1 проводятся Дни профилактики правонарушений на объектах транспорта, в которых принимают участие и железнодорожники.

Фото Даурена ХАМЗИНА



«СЕРЕБРО» ЧЕМПИОНАТА АЗИИ

«Серебро» чемпионата Азии по гиревому спорту завоевал стрелок ТОО «ВЖД» на станции Атбасар Дастан Куанышпаев.



Соревнования собрали в городе Щучинске Акмолинской области более 200 спортсменов из Казахстана, Монголии, Кыргызстана, Индии, Южной Кореи и других стран Азии. Соревнования проходили в дисциплинах «толчок гири», «рывок гири» и «толчок гири длинным циклом».

Дастан Куанышпаев является чемпионом Акмолинской области и выступает в 85-й и 36-й категориях. На чемпионате Азии он попал в сильнейшую группу «А» и завоевал серебряную медаль в личном зачете.

Спортсмен 34-летний работник ВЖД увлекается уже 14 лет. В свободное от работы время тренируется в подвале своего дома. Там он оборудовал мини-спортзал.

– Очень рад стать призером такого крупного и ответственного чемпионата, проходившего на нашей земле, в Акмолинской области. Все соперники были достойными, сильными, поэтому это «серебро» особенно ценно для меня. Хочу поблагодарить своего тренера Сергея Прохорова. Спорт стал неотъемлемой частью моей жизни и, надеюсь, новые победы еще впереди, – поделился Дастан Куанышпаев.

Любовь РОББА
Фото автора



КАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



КАЗКӨЛІККӨСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Колдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жаная Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаяева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел.: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.